

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 1 беті

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАРЫ

Пән/модуль: ЖКП 01 «Анатомия, физиология және патология»

Мамандығы 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

Курс: I

Семестр: I

Бақылау түрі: емтихан

Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы жүктемесі KZ -144/6 кредит

Аудиториялық –15 сағат

Симуляция – 33 сағат

Шымкент, 2023

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 2 беті

«Анатомия» пәні бойынша бақылау-өлшегіш құралдары морфологиялық пәндер каф. оқытушылары: Д.Б.Каримжанова.
 09130100 «Мейіргер ісі»; Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспары негізінде және «Анатомия» пәннің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес құрастырылған.

«Морфологиялық пәндер» кафедрасының мәжілісінде каралды.

Хаттама № 01 «01» 09 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.К.Ералхан

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Морфологиялық пәндер кафедрасы	044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары	36 беттің 3 беті

5.1 Тесттер:

№	Тақырып	Сағат саны	Үлес Салмағы %	Сұрақтар саны	Когнитивті ойлану деңгейі	
					Жаттап алу, 30%	Түсіну, 70%
1	Тірек-қимыл аппаратының жалпы анатомиясы.	8	32	16	10	22
2	Тыныс алу жүйесі ағзаларының жалпы сипаттамасы.	7	28	15	5	11
3	Ас қорыту жүйесі ағзаларының жалпы сипаттамасы.	7	28	15	4	17
4	Жүрек-қан тамыр жүйесінің жалпы құрылысы, үлкен және кіші қан айналу шеңбері.	8	32	16	6	28
5	Несеп-жыныс жүйесінің құрылысы, анатомиясы, топографиясы, қызметі.	5	20	11	4	17
6	Эндокриндік жүйе.	3	12	6	5	11
7	Лимфа жүйесі және иммундық жүйе ағзалары.	2	8	4	3	5
8	Неврология. Жұлын және мидың құрылымы, нервтерінің түзілуі және олардың құрылымы, иннервация аймақтары.	5	20	11	10	22
9	Сезім мүшелері құрылымы, анатомиясы, топографиясы, қызметі. Тері және оның туындылары.	3	12	6	4	8
	Барлығы:	48	100%	192	51	141

192 тест

1. Кеуде омыртқалардың басқа омыртқалардан айырмашылығы:
 - А. қабырғалық шұңқыршаларының болуы
 - В. қылқанды өсіндісінің болуы
 - С. тістәрізді өсіндісінің болуы
 - Д. денесінің болуы
 - Е. денесінің болмауы
2. Ұйқылық төмпешік VI мойындық омыртқаның ... орналасады:
 - А. көлденең өсіндісінде
 - В. қылқандық өсіндісінде
 - С. буындық жоғарғы өсіндіде
 - Д. омыртқаның денесінде
 - Е. төменгі буындық өсіндіде
3. Буындық ойыс, cavitas glenoidalis, орналасқан:
 - А. жауырында

- В. тоқпан жілікте
 - С. бұғанада
 - Д. жамбас сүйегінде
 - Е. төс сүйекте
4. Бассүйектің ең үлкен тесігі орналасқан сүйек:
- А. шүйделік
 - В. маңдайлық
 - С. шекелік
 - Д. самайлық
 - Е. бетсүйектік
5. Самай сүйектің өзегіне ... өзек жатады.
- А. беттік
 - В. айдаршықтық
 - С. көру
 - Д. таңдай
 - Е. тіл асты
6. Мұрын-көзжас өзегі ашылады:
- А. төменгі мұрын жолына
 - В. жоғарғы мұрын жолына
 - С. ортаңғы мұрын жолына
 - Д. ауыз қуысына
 - Е. гаймор қойнауына
7. Қанат таңдай шұңқырына ашылады:
- А. көзұялық төменгі саңылау
 - В. соқыр тесік
 - С. сопақ тесік
 - Д. көзұялық жоғарғы саңылау
 - Е. қылқанды тесік
8. Ымдау бұлшықеттері жатады:
- А. көздің дөңгелек бұлшықеті
 - В. самай бұлшықеті
 - С. шайнау бұлшықеті
 - Д. медиальды қанаттәріді бұлшықеті
 - Е. латеральды қанаттәрізді бұлшықеті
9. Пирогов үшбұрышының жоғарғы шекарасы:
- А. n.hypoglossus
 - В. m.digastricus сіңірі
 - С. m.mylohyoideus
 - Д. m.hyoGLOSSUS
 - Е. m.stylohyoideus
10. Іш бұлшықеттері:
- А. пирамидалық
 - В. үлкен жұмыр
 - С. кіші жұмыр
 - Д. үлкен кеуде
 - Е. мықын -бел
11. Құлаған кезде баланың алдыңғы еңбегі жарақаттанды. Бассүйек қосылыстарының ... түрі зақымдалды.
- А. синдесмоз
 - В. синхондроз
 - С. синостоз

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 5 беті

- D. диартроз
E. гемиартроз
12. Науқастың биіктен құлау кезіндегі диагностикалық талдау ойынша бел омыртқасының сынығы анықталды. Осы бөліктегі омыртқаның лордозының қисықтығы күрт ұлғайды. Омыртқаның қисықтығы ... байламның зақымдануына байланысты жүруі мүмкін.
- A. алдыңғы бойлық
B. қылқанүстілік
C. артқы бойлық
D. қылқанаралық
E. емізіктік
13. Көлік апатынан жарақаттанған науқаста жарақаттан кейінгі иық шығуы байқалады. Науқаста ... байлам зақымдалған.
- A. құстұмсық-иық
B. екібасты бұлшықеттің ұзын басының сіңірі
C. құстұмсық-акромион
D. құстұмсық-бұғана
E. жауырынның көлденең байламы
14. Ми қабықтарының қабынуына күдіктеніп, науқастан жұлын мен ми сұйықтығын алу керек. Бел омыртқалары доғасының арасына (L₃- L₄) диагностикалық пункция жасалынды. Пункция кезінде қандай байлам арқылы инені енгіземіз?
- A. сары
B. мықын-бел
C. алдыңғы бойлық
D. артқы бойлық
E. көлденең аралық
15. Футбол ойыны барысында ер адам, тізе буыны аймағында қатты ауырсынуға шағымданды, сирақтың алға және артқа ығысуы байқалады. Тізе буынының ... байламдары зақымданған.
- A. кресттәрізді
B. тақымдық доға тәрізді
C. тақымдық қиғаш
D. сүйекаралық жарғақ
E. коллатералды байламдар
16. Медкомиссиядан өту барысында 25 жастағы науқаста кеуде қуысы патологиялық түрі: кеуде қуысы көлденең өлшемдері қысқарған, ал төсі алға қарай қатты шығыңқы орналасқаны анықталды. Кеуде қуысының түрін анықтаңыз.
- A. құс төсті кеуде қуысы
B. шұңғыма тәрізді кеуде қуысы
C. жалпақ кеуде қуысы
D. цилиндр тәрізді кеуде қуысы
E. бөшке тәрізді кеуде қуысы
17. Клиникада науқасты қарау барысында кеуде қуысының патологиялық түрі анықталды. Бұл ақаулықта кеуденің алдыңғы төменгі бөлімінде ойық түзетін, семсер тәрізді өсіндінің қатты артқа ығысуы байқалады. Ақаулықтың түрін анықтаңыз:
- A. шұңғыма тәрізді кеуде қуысы
B. бөшке тәрізді кеуде қуысы
C. құс төсті кеуде қуысы
D. конус тәрізді кеуде қуысы
E. цилиндр тәрізді кеуде қуысы
18. Науқаста бұғананың акромиондық ұшының шығуы, акромион-бұғана буынындағы байламдардың үзілуі анықталды. Қандай байламдар зақымдалған?
- A. *ligg.coracoclaviculare et acromioclaviculare*

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 6 беті

- B. *ligg.collaterale ulnare et radiale*
 - C. *ligg.sacrotuberale et sacrospinale*
 - D. *ligg.cruciatum anterius et posterius*
 - E. *ligg.collaterale tibiale et fibulare*
- 19.Патологиялық босану барысында әйелде қасаға сүйектерінің ажырауы байқалды. Сүйектер қосылысының қай түрі зақымдалған?
- A. симфиз
 - B. синдесмоз
 - C. синхондроз
 - D. синостоз
 - E. диартроз
- 20.Хирургқа аяқ ұшының зақымдалған бөлімін Лисфранк буынының сызығы бойынша алып тастау қажет. Осы жағдайда қандай байламды кесу керек?
- A. *lig.cuneometatarsalia interossea mediale*
 - B. *lig.calcanonavicularis*
 - C. *lig.bifurcatum*
 - D. *lig.talonavicularis*
 - E. *lig.talocalcaneus*
- 21.70 жастағы науқасқа көлденең буын (Шопар буыны) деңгейінде аяқ ұшының ампутациясын жүргізу керек. Осы операцияны жүргізу үшін қандай байламды кесу керек?
- A. *lig.bifurcatum*
 - B. *lig.talofibulare anterius*
 - C. *lig.talofibulare posterius*
 - D. *lig.calcaneofibulare*
 - E. *lig.tibiocalcaneae*
- 22.29 жастағы жүкті әйелде дәрігер-акушер жамбас өлшемдерін анықтады. Циркуль көмегімен алдыңғы жоғарғы мықын қылқандары арасындағы қашықтық өлшенді. Жамбастың қандай өлшемі анықталды?
- A. *distantia spinarum*
 - B. *distantia cristarum*
 - C. *distantia trochanterica*
 - D. *conjugata vera*
 - E. *conjugata anatomica*
- 23.10 жастағы баланы қарау барысында педиатр кеуде бөлімінде омыртқа бағанасының солға иілуін анықтады. Науқасқа қандай диагноз қойылды?
- A. сол жақты кеуде сколиозы
 - B. оң жақты бел сколиозы
 - C. кеуде лордозы
 - D. мойын кифозы
 - E. бел лордозы
24. Клиникаға сирақ аймағының төменгі үштен бір бөлігінде медиальды орналасқан сүйек сынығымен науқас түсті. Жарақат орнында сүйек ұштары үш қырлы сүйек сынықтар көрінеді. Қандай сүйек зақымданған және сүйек тінінің регенерациясына қатысатын жасушалар:
- A. асықты жілік
 - B. тізе тобығы
 - C. ортан жіліктің дистальды бөлімі
 - D. асықты жілік шыбығы
 - E. асық сүйек
25. Бассүйектің рентген суретінде көзұя, бетсүйектік доғаның, самай асты шұңқырының сынуы көрінеді. Қандай анатомиялық құрылым зақымдаған және сүйек тінінің регенерациясына қатысатын жасуша:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 7 беті

- A. fissura orbitalis inferior
 B. foramen ovale
 C. foramen rotundum
 D. foramen spinosum
 E. foramen jugular
26. Көз жарақатынан кейін көз ұяның жұмсақ тіндерінің іріндеуі пайда болды. Ірінді процесс ... арқылы ортаңғы бассүйек шұңқырына өтеді.
 A. жоғарғы көздік саңылау
 B. алдыңғы торлы тесік
 C. артқы торлы тесік
 D. соқыр тесік арқылы
 E. бет сүйектің көздік тесігі
27. Гайморитті бар науқаста жоғарғы жақ қойнауының ортаңғы мұрын жолымен байланысы бұзылған. Қалыпты жағдайда мұрын жолынан гаймор қойнауына ауа өтуін ... қамтамасыз етеді.
 A. hiatus maxillaris
 B. infundibulum ethmoidale
 C. foramina ethmoidalia
 D. recessus sphenopalatinus
 E. canalis nasolacrimalis
28. Дәрісте лектор арнайы ерітіндіде (қышқыл) өңделген асықты жілік шыбығын байлап, оның иілгіштігін көрсетті. Сүйек құрамына кіретін қандай заттар оның серпімділігін және иілгіштігін қамтамасыз етеді:
 A. оссеин
 B. кальций
 C. фосфор
 D. магний
 E. калий
29. Омыртқа бағанасында әртүрлі қозғалыстар жүзеге асатыны белгілі. Омыртқа бағанасының жазылуын шектейтін байламды атаңыз.
 A. алдыңғы бойлық байлам
 B. артқы бойлық байлам
 C. сары байлам
 D. қылқан аралық байлам
 E. қылқанүсті байлам
30. Жамбас астауының жарақаты бойынша рентгенологиялық зерттеуде 9-жасар ұл баланың тұтас сегізкөз сүйегінің болмауы анықталды. Осы рентгенологиялық деректерді сипаттаңыз:
 A. осы жасқа сәйкес келуі
 B. даму аномалиясы
 C. сүйектену процесінің кеш дамуы
 D. жамбас сүйектерінің сынығы
 E. хондродистрофия
31. Хирург шап жарығына операция жасау барысында, іштің сыртқы қиғаш бұлшықетінің апоневрозын кесті. Бұл бұлшықет шап өзегінің қай қабырғасын құрайды?
 A. алдыңғы
 B. жоғарғы
 C. төменгі
 D. артқы
 E. көлденең
32. Науқас төмен түскен төменгі жақ сүйегін көтере алмайды. Қандай бұлшықет өз қызметін атқара алмайды?
 A. шайнау бұлшықеті



- В. ауыздың дөңгелек бұлшықеті
 С. ымдау бұлшықеті
 D. бас сүйек үсті бұлшықеті
 E. ауыз бұрышын көтеруші бұлшықет
33. Санның алдыңғы топ бұлшықеттерін нервтендіреді:
 A. сан нерві
 B. жапқыш нерві
 C. шонданай нерві
 D. асықты жілік нерві
 E. асықты жілік шыбығының жалпы нерві
34. Жұлын нервтерінің тармақтары:
 A. дорсальді, вентральді
 B. жоғарғы, төменгі, медиальды және латеральды
 C. жоғарғы, төменгі, вентральды, дорсальды
 D. париетальдық, висцеральдық
 E. ішкі, сыртқы
35. Иық өрімінің нерві:
 A. кәрі жілік нерві
 B. көкеттік нерв
 C. жапқыш нерв
 D. қабырғааралық нерв
 E. теріастылық нерв
36. Бел өрімінің тармақтары нервтендіреді:
 A. санның алдыңғы бұлшықеттерін
 B. санның артқы бұлшықеттерін
 C. қабырғаралық бұлшықеттерді
 D. арқаның бұлшықеттерін
 E. кеуденің бұлшықеттерін
37. Сегізкөз өрімінің тармақтары нервтендіреді:
 A. санның артқы бұлшықеттерін
 B. санның алдыңғы бұлшықеттерін
 C. санның медиалдық бұлшықеттерін
 D. іштің бұлшықеттерін
 E. арқаның бұлшықеттерін
38. Білектің артқы бетінің терісін нервтендіреді:
 A. кәріжілік нерві
 B. шынтақ нерві
 C. орталық нерві
 D. қолтық нерві
 E. білектің медиалді терілік нерві
39. Білезік өзегінде орналасады:
 A. орталық нерв
 B. кәрі жілік артериясы
 C. шынтақ нерві
 D. кәрі жілік нерві
 E. шынтақ артериясы
40. Омыртқа бағанасы өзегінің ішіндегі анатомиялық құрылымдар:
 A. жұлын
 B. сопақша ми
 C. рецепторлар
 D. аралық нерві

- Е. таламус
41. Жұлынның сыртқы қабығы:
- А. қатты қабық
 - В. торлы қабық
 - С. жұмсақ қабық
 - Д. фиброзды
 - Е. сірлі
42. Жұлынның ортаңғы қабығы:
- А. торлы қабық
 - В. қатты қабық
 - С. жұмсақ қабық
 - Д. фиброзды
 - Е. сірлі
43. Жұлынның ішкі қабығы:
- А. жұмсақ қабық
 - В. қатты қабық
 - С. торлы қабық
 - Д. фиброзды
 - Е. сірлі
44. Жұлынның жоғарғы шекарасы:
- А. шүйделік тесіктің сыртқы жиегі
 - В. көпірдің төменгі жиегі
 - С. V мойын омыртқасының төменгі жиегі
 - Д. VII мойын омыртқасының жоғарғы жиегі
 - Е. жұлын нервтерінің II жұбының шыққан жері
45. Жұлынның сұр заты түзілген:
- А. нерв жасушаларының денелерінен
 - В. түйіннен кейінгі талшықтардан
 - С. түйінге дейінгі талшықтардан
 - Д. симпатикалық талшықтардан
 - Е. ассоциативтік талшықтардан
46. Жұлынның ақ заты түзілген:
- А. нерв жасушаларының өсінділерінен
 - В. нерв жасушаларының денелерінен
 - С. нейрокиттерден
 - Д. миофибриллардан
 - Е. түйіннен кейінгі талшықтардан
47. III-қарынша, қуысы болып табылады:
- А. аралық мидың
 - В. соңғы мидың
 - С. ортаңғы мидың
 - Д. ромбтәрізді мидың
 - Е. жұлынның
48. IV-қарынша қуысы:
- А. ромбтәрізді мидың
 - В. соңғы мидың
 - С. аралық мидың
 - Д. ортаңғы мидың
 - Е. жұлынның
49. Орталық нерв жүйесі түзілген:
- А. ми мен жұлыннан

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 10 беті

- В. жұлын мен сезім ағзаларынан
 - С. жұлын мен мидың сабаулық бөлігінен
 - Д. ми мен түйіндерден
 - Е. тек қана мидан
50. Науқас суға сүңгу кезінде басын ұрып алған. Содан кейін омыртқасында өткір ауыру сезімі және қолдарының белсенді қимылының жоғалғанын, иық белдеуі деңгейінің сезімталдығының төмендегендігін байқады. Жұлынның зақымданған сегмент деңгейін атаңыз:
- А. мойын сегменті деңгейінде
 - В. кеуде сегменті деңгейінде
 - С. бел сегменті деңгейінде
 - Д. сегізкөз сегменті деңгейінде
 - Е. құйымшақ сегменті деңгейінде
51. Кенет естіген қатты дыбысқа, шу немесе күтпеген оптикалау тітіркендіргішке адам рефлекторлы қимыл жасайды. Аталған қимылдарға жауап беретін өткізгіш жолын атаңыз:
- А. жұлын-жамылғы жолы
 - В. қызылядролы – жұлындық жол
 - С. кіреберіс- жұлындық жол
 - Д. торлы – жұлындық жол
 - Е. латеральді – қабықтық жұлындық жол
52. Шүйде аймағы зақымданған науқаста сол аймақтың сезімталдығы бұзылған. Сол аймақты иннервациялайтын нервтің атын атаңыз:
- А. кіші шүйделік нерв
 - В. үлкен құлақ нерві
 - С. мойынның көлденең
 - Д. бұғанаүсті
 - Е. бұлшықет-терілік нерв
53. Науқаста иық сүйегінің ығысу және сынуынан кейін, иықтың медиальді бетіндегі терісінің сезімталдығы жойылды. Зақымданған нервтің аты:
- А. иықтың медиальді терілік нерві
 - В. білектің медиальді терілік нерві
 - С. бұлшықет-терілік
 - Д. шынтақтық
 - Е. кәрі жілік
54. Науқаста иықтың екібасты, құстұмсық және иық бұлшықеттерінің салдануы және білектің алдыңғы – бүйірлік бетінің терісінің сезімталдық иннервациясының жоқтығы анықталған. Зақымданған нервтің атын атаңыз:
- А. бұлшықет-терілік
 - В. иықтың медиальді терілік нерві
 - С. білектің медиальді терілік нерві
 - Д. шынтақ
 - Е. кәрі-жілік
55. Дәрігер невролог тізе тобығы байламын балғамен ұрғылау арқылы сіңірлік-тізелік рефлексті тексерді. Сезімтал нейронның денесінің орналасу орнын анықтаңыз:
- А. жұлын –милық түйін
 - В. жұлынның артқы мүйізі
 - С. жұлынның алдыңғы мүйізі
 - Д. жұлынның бүйірлік мүйізі
 - Е. орталық аралық заттары
56. Алдыңғы бассүйек шұңқыры аймағында (тор сүйектің саңылауы пластинкасы) рентгенограммасында үлкен патологиялық ошақ анықталды. Функциясы бұзылған анализаторды атаңыз:

- A. иіс сезу
- B. дәм сезу
- C. көру
- D. есту
- E. гравитациялық

57. Науқас иықтың, білектің, қол басының сыртқы бетінің және I, II және жарты III саусақтың сезімталдығының жоғалуына шағымданды. Қарау кезінде білекпен қолбасының жазғыш бұлшықеттерінің атониясы және атрофиясы анықталған. Зақымдалған нервті атаңыз:

- A. кәрі жілік нерві
- B. қолтықасты нерві
- C. ортаңғы нерві
- D. шынтақтық нерві
- E. бұлшықет-терілік нерв

58. 65 жастағы науқасқа «жұлынның алдыңғы мүйізіне қан құйылды» деп диагноз қойылды. Жұлынның бұзылған қызметін атаңыз:

- A. қозғалыс
- B. сезімталдық
- C. симпатикалық
- D. парасимпатикалық
- E. аралас

59. 50 жастағы науқас әйел шүйде сүйегі аймағында бас-ми жабық жарақатымен ауруханаға жатқызылды. Қарап көру кезінде: жүрісі мен тепе-теңдігі бұзылған, қолы дірілдейді. Мидың зақымдалған бөлігін атаңыз:

- A. мишық
- B. сопақша ми
- C. көпір
- D. аралық ми
- E. соңғы ми

60. Науқас негізгі бас сүйегінің ылди аймағы жарақатымен ауруханаға түсті. Ми бөлімдерінің ісінуінің және қысылуын алдын-алу мақсатында интенсивті терапия тағайындалды. Мидың ісінген және қысылған кезінде тыныс алу және қантамыр – қозғалыс орталығы зақымдалады:

- A. сопақша ми
- B. көпір
- C. мишық
- D. ортаңғы ми
- E. ми сабауы

61. Бас ми нервтерінің қандай нервісінің зақымдалу кезінде, көздің жоғарғы қабағының түсуі (птоз) байқалады:

- A. көзді қозғаушы нерві
- B. көру нерві
- C. үштік нерві
- D. бет нерві
- E. шығыршық нерві

62. Бас ми нервтерінің қандай нервісінің зақымдалу кезінде, науқас тілін қимылдата алмай, тілін аузынан шығара алмай қалуы байқалады:

- A. тіласты нерві
- B. тіл-жұтқыншақ нерві
- C. кезбе нерві
- D. бет нерві
- E. шығыршық нерві

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 12 беті

63. Бас ми нервтерінің қандай нервісінің зақымдалуы кезінде кенеттен беттің ассиметриясы (қисайыуы) байқалады:
- бет нерві
 - шығыршық нерві
 - үштік нерві
 - тіласты нерві
 - әкетуші нерві
64. Арахноидитпен (бас миының торлы қабығының қабынуы) ауыратын науқаста көру бұрышынан оң көзден мұрынға ауытқуынан көздің ақилығы байқалған. Көз алмасындағы тік латеральді бұлшықетінің дұрыс жұмыс істемеуінен көзді латеральді бағытқа тартуына байланысты осы бұлшықетті қандай нерв нервтендіреді:
- әкетуші нерві
 - үштік нерві
 - беттік нерві
 - көру нерві
 - көз қозғалтқыш нерві
65. Кіші қан айналу шеңбері ... басталады.
- оң жақ қарыншадан
 - сол жақ қарыншадан
 - оң жақ жүрекшеден
 - сол жақ жүрекшеден
 - веналық қойнауудан
66. Үлкен қан айналу шеңбері ... басталады.
- сол жақ қарыншадан
 - оң жақ қарыншадан
 - оң жақ жүрекшеден
 - сол жақ жүрекшеден
 - венозды қойнауудан
67. Кіші қан айналу шеңбері ... аяқталады.
- сол жақ жүрекшеде
 - оң жақ қарыншада
 - сол жақ қарыншада
 - оң жақ жүрекшеде
 - веналық қойнаууда
68. Жүректің тәждік қойнауы ... ашылады.
- оң жақ жүрекшеге
 - оң жақ қарыншаға
 - сол жақ қарыншаға
 - сол жақ жүрекшеге
 - қолқа буылтығына
69. Үлкен қан айналу шеңбері ... аяқталады.
- оң жақ жүрекшеде
 - оң жақ қарыншада
 - сол жақ қарыншада
 - сол жақ жүрекшеде
 - веналық қойнаууда
70. Жүректің ішкі қабығы:
- эндокард
 - миокард
 - эпикард
 - перикард

- Е. адвентиция
71. Жүректің ортаңғы қабығы:
- А. миокард
 - В. эндокард
 - С. эпикард
 - Д. перикард
 - Е. адвентиция
72. Жүректің сыртқы қабығы:
- А. эпикард
 - В. эндокард
 - С. миокард
 - Д. перикард
 - Е. адвентиция
73. Қолқа доғасынан кететін ірі тамырлар:
- А. иық-бас сабауы, сол жалпы ұйқы және сол бұғанаасты артериялары
 - В. иық-бас сабауы, сол жалпы ұйқы және оң бұғанаасты артериялары
 - С. иық-бас сабауы, оң жалпы ұйқы және сол бұғанаасты артериялары
 - Д. иық-бас сабауы, оң жалпы ұйқы және оң бұғанаасты артериялары
 - Е. иық-бас сабауы, омыртқа және қолтық артериялары
74. Іш қуысының тақ ағзаларынан қан жинайтын вена:
- А. қақпа венасы
 - В. жартылай сыңар венасы
 - С. көкеттік төменгі вена
 - Д. төменгі қуыс вена
 - Е. жоғарғы қуыс вена
75. Қақпа венасы кіреді:
- А. бауырға
 - В. көкбауырға
 - С. асқазанға
 - Д. ұйқы безіне
 - Е. бүйрекке
76. Төменгі қуыс вена түзіледі:
- А. жалпы мықын веналарының қосылуынан
 - В. қақпа веналарының қосылуынан
 - С. сан веналарының қосылуынан
 - Д. ішкі мойындырық веналарынан қосылуынан
 - Е. шажырқайлық және көкбауыр веналарының қосылуынан
77. Лимфокапиллярлардың қызметі:
- А. тіндерден ақуыздың коллоидты ертінділерін сіңіреді
 - В. газ алмасуды іске асырады
 - С. қан қысымын реттейді
 - Д. алғашқы несепті екінші реттік несепке айналдырады
 - Е. қан өндіруді іске асырады
78. Организмдегі ірі лимфа тамыры:
- А. кеуде лимфатикалық және оң жақ лимфа өзегі
 - В. кеуде лимфатикалық және сол жақ лимфа өзегі
 - С. кеуде және іш өзектері
 - Д. құрсақ және жамбас өзектері
 - Е. кеуде және мықын өзектері
79. Лимфа ірі тамырлары құйылады:
- А. веналық бұрышқа

- В. қолқаға
 - С. бауырға
 - Д. жасушааралық кеңістіктерге
 - Е. веналық қойнауға
80. Төменгі қуыс веналарының қабырғалық (париеталдық) құйылыстары:
- А. төменгі көкеттік веналар
 - В. жоғарғы тік ішек венасы
 - С. бүйректік веналар
 - Д. көкбауыр венасы
 - Е. ішкі мықын венасы
81. Қақпа венасының орналасуы:
- А. бауыр-он екі елі ішек байламының ішінде
 - В. жіңішке ішак шажырқайының түбінде
 - С. шарбылық қаптың шарбылық тесігінің артында
 - Д. көлденең жиек ішак шажырқайының түбінде
 - Е. 4 бел омыртқаның деңгейінде
82. Төменгі шажырқайлық венаның құйылыстары:
- А. сол жиектік вена
 - В. мықын- жиектік вена
 - С. ортаңғы тікішек вена
 - Д. оң жиектік вена
 - Е. төменгі тікішек вена
83. Жоғарғы шажырқай венасына құйылады:
- А. мықын-жиектік вена
 - В. көкбауыр венасы
 - С. ішкі мықын вена
 - Д. қақпа венасы
 - Е. жалпы мықын венасы
84. Туылғаннан кейін кіндік венасы айналады:
- А. бауырдың жұмыр байламына
 - В. оң латералді кіндік байламына
 - С. сол латералді кіндік байламына
 - Д. веналық байламға
 - Е. орақ тәрізді байламға
85. Қолдың латералді теріасты венасы құяды:
- А. қолтық венасына
 - В. бұғанаасты венасына
 - С. иық венасына
 - Д. иық-бас венасына
 - Е. медиалді теріасты венасына
86. Қолдың медиальді теріасты венасы барып құяды:
- А. иық венасына
 - В. қолтық венасына
 - С. бұғанаасты венасына
 - Д. сыртқы мойындырық венасына
 - Е. қолдың латералді теріасты венасына
87. Проктология бөлімшесіне тік ішегінен қан кету шағымымен науқас келіп түсті. Қандай үлкен артериямен тік ішек қанмен қамтамасыз етілуі:
- А. ішкі мықын артериясы
 - В. құрсақ аортасы
 - С. сыртқы мықын артериясы

- D. жалпы мықын артериясы
E. сан артериясы
88. Нәресте дүниеге келген соң жүрек-қантамыр жүйесінде қандай өзгерістер болады:
A. өкпе артериялары мен веналарының қызметінің қосылуы
B. артериялық өзектің ашылуы
C. үлкен және кіші қанайналым шеңберлерінің қосылуы
D. кіндік артерияларының қызметінің қосылуы
E. веналық өзектің қызметінің қосылуы
89. 54-жасар науқасқа жасанды кардиостимулятор қойылды. Жүректің қандай бұзылған өткізгіш тіні кардиостимулятордың қызметін қажет етті:
A. синоатриальды түйін
B. атриовентрикулярлы буда
C. атриовентрикулярлы түйін
D. Пуркинье талшықтары
E. Гисс будасы
90. 83-жасар ер адам, сол жақ тәждік артериясының перифериялық бұтағының эмболиясынан зардап шекті. Жүректің қай аймағы ишемиядан зардап шегеді:
A. сол жақ қарыншаның артқы бөлігі
B. сол жақ қарыншаның алдыңғы бөлігі
C. алдыңғы қарыншааралық аймақ
D. артқы қарыншааралық аймақ
E. оң қарыншаның алдыңғы бөлігі
91. Босанғаннан 3 күннен кейін әйелдің іштің сол жақ астыңғы аймағында ауырсыну пайда болды: Ультрадыбыс зерттеуі анабез веналарының тромбозын анықтады. Бұл тромб қай венаға өтіп кетуі мүмкін:
A. сол жақ бүйрек венаға
B. төменгі қуыс венаға
C. сол жақ жалпы мықын венаға
D. сол жақ ішкі жыныс венаға
E. сыңар венаға
92. Жүректен қанды алып шығатын тамырлар артериялар деп аталады. Жүректен венозды қанды алып шығатын артерияны атаңыз:
A. өкпе сабауы
B. өкпе венасы
C. тәждік қойнау
D. аорта
E. төменгі қуыс вена
93. Науқасты тексеру барысында жүректің митралді клапанын жүрек ұшының кеуде торының алдыңғы қабырғасындағы проекциясында тыңдайды. Жүрек ұшы проекциясын көрсет:
A. сол жақ бесінші қабырғааралықта бұғанаорта сызығынан 1,5 см төске қарай
B. сол жақ төртінші қабырғааралықта бұғанаорта сызығынан 1,5 см төске қарай
C. сол жақ төртінші қабырғааралықта бұғанаорта сызығынан 1,5 см сыртқа қарай
D. сол жақ екінші қабырғааралықта, төс жиегінің бойында
E. оң жақ екінші қабырғааралықта, төс жиегінің бойында
94. Науқаста жүректің жиырылу ритмінің бұзылысы анықталды. Қандай анатомиялық құрылым жүрек ритмінің «жүргізушісі» болып табылады:
A. сино-атриалды түйін
B. жүрекше-қарыншалық түйін
C. Гисс будасы
D. Пуркинье талшықтары
E. сопақша мида орналасқан қан айналым орталығы

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 16 беті

95. Жүрек ауруы бар науқаста кәрі жілік артериясында жүрек соғуын анықтау мүмкін болмады, сондықтан оны мойын артерияларынан анықтау шешілді. Мойынның қай артериясынан жүрек соғуын анықтауға болады:
- жалпы ұйқы артериясынан, мойынның ұйқы үшбұрышында
 - ішкі мойындырық артериясынан, мойынның ұйқы үшбұрышында
 - бет артериясынан, мойынның жақ асты үшбұрышында
 - бұғана асты артериясынан, мойынның жауырын бұғаналық үшбұрышында
 - қолтық артериясынан, мойынның жауырын-трапеция үшбұрышында
96. Жарақаттан соң (бас сүйек негізінің сынуы) науқаста самай сүйектің сыртқы есту жолынан қан кетуі байқалды. Бұл сүйектен қандай ірі қан тамыр өтеді:
- ішкі ұйқы артериясы
 - сыртқы ұйқы артериясы
 - ортаңғы менингеалды артериясы
 - артқы құлақтық артериясы
 - жоғарғы жақ артериясы
97. Науқастарды емдеу барысында көктамырішілік инъекциялар көбінесе шынтақтың бүгілісі аймағына жасалады. Шынтақ шұңқырында орналасқан қай вена инъекция үшін қолданылады:
- шынтақтың ортаңғы венасы
 - теріасты латералды венасы
 - теріасты медиалды венасы
 - кәріжілік венасы
 - шынтақжілік венасы
98. Гастроскопия кезінде асқазанның пилорикалық бөлімінде патологиялық түзіліс байқалды. Бұл түзіліс асқазанның қанмен қамтасыз етуін бұзып тұр. Асқазанды қанмен қамтамасыз ететін қан тамырын атаңыз.
- құрсақ сабауынан
 - жоғарғы шажырқай артериясынан
 - төменгі шажырқай артериясынан
 - көкбауыр венасы
 - сол жақ асқазандық венасы
99. Лимфалық түйін- ол
- қыртыстық және миы заттан тұратын құрылым
 - лимфоциттердің пішіні жоқ жиынтығы
 - лимфоидты фоликулдардан біртекті тұратын құрылым
 - лимфоидты тіндердің тізбегінен құралатын құрылым
 - ретикулярлы талшықтардан тұратын үш қырлы тор
100. Жұтқыншақ аймағында лимфалық-эпителийлік сақина түзетін бадамшалар:
- 1 тілдік, 2 таңдайлық, 2 түтіктік және 1 жұтқыншақтық бадамшалар
 - 2 таңдайлық, 2 түтіктік, 1 тілдік және 2 жұтқыншақтық бадамшалар
 - 1 таңдайлық, 2 түтіктік, 1 тілдік және 2 жұтқыншақтық бадамшалар
 - 1 таңдайлық, 1 түтіктік, 2 тілдік және 2 жұтқыншақтық бадамшалар
 - 2 таңдайлық, 1 түтіктік, 1 тілдік және 2 жұтқыншақтық бадамшалар
101. Бір уақытта иммундық және тосқауыл-сүзгілік қызмет атқаратын анатомиялық құрылым:
- лимфа түйіндері
 - лимфа тамырлары
 - лимфа сабаулары
 - шоғырланған лимфа түйіншелері
 - жекеленген лимфа түйіншелері
102. Лимфалық түйіннің құрылымы көрсетілген:
- капсула және паренхима
 - капсула және қуысы



- С. капсула және қалқашықтары
 D. капсула және тамырлары
 E. капсула және нерв өрімдері
103. Орталық иммундық жүйенің ағзаларына жатады:
 A. айырша без
 B. көкбауыр
 C. лимфа түйіндері
 D. лимфа эпителиальды сақинасы
 E. ішектің лимфалық фолликулдары
104. Иммундық жүйенің перифериялық ағзаларына жатады:
 A. бадамшалар, лимфалық және лимфоидты түйіндер, көкбауыр
 B. шажырқайлық лимфалық түйіндер және коллекторлар
 C. айырша без және қызыл жілік
 D. бауыр және ұйқы безі
 E. жіліктің қызыл және сары майы
105. Айырша без орналасады:
 A. көкірек қуысында алдыңғы-жоғарғы көкірек аралығында
 B. фасция жапырақшасында төртінші мойын аймағында
 C. кеуде қуысында артқы көкірек аралығында
 D. оң плевра қуысында
 E. сол плевра қуысында
106. Имунокомпетентті жасушаларға жатады:
 A. В және Т-лимфоциттер
 B. В-лимфоциттер және тромбоциттер
 C. эритроциттер және лейкоциттер
 D. гранулациттер
 E. эритроциттер
107. Эндокриндік бездердің басқа бездерден айырмашылығы:
 A. шығаратын түтіктері жоқ
 B. қақпалары бар
 C. шығаратын түтіктері бар
 D. ақ және қызыл ұлпаларға бөлінеді
 E. майлық қапшығы болмайды
108. Аралас секрециялық бездер:
 A. ұйқы безі
 B. гипофиз
 C. қалқаншатәрізді без
 D. бүйрекүсті безі
 E. сілекей безі
109. Атабезде өндірілетін гормон:
 A. тестостерон
 B. эстроген
 C. прогестерон
 D. адреналин
 E. тироксин
110. Бүйрекүсті безінің милық заттегін бөледі:
 A. адреналин
 B. тироксин
 C. эстроген
 D. тестостерон
 E. андрогендер

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 18 беті

111. Паратгормон түзіледі:

- A. қалқаншажанындағы безде
- B. айырша безде
- C. қалқанша безде
- D. эпифизде
- E. гипофизде

112. Науқаста қандағы гормонды анықтағанда глюкокортикоидтар мөлшерінің төмендегені анықталды. Бұл жағдайда аденогипофизде қандай реакция болады:

- A. АКТГ-ның гиперсекрециясы
- B. АКТГ-ның гипосекрециясы
- C. тироксиннің гиперсекрециясы
- D. адреналиннің гиперсекрециясы
- E. норадреналиннің гиперсекрециясы

113. Әйелдерде босану кезінде жатырдың жиырылуы қабілетінің төмендеуі байқалады. Жатырдың жиырылу қабілетін ... реттейді.

- A. окситоцин
- B. пролактин
- C. вазопрессин
- D. соматотропин
- E. прогестерон

114. 14 жасар қызда соңғы жарты жылда етеккірі болмай, ерлерге тән дененің түктенуі және бойының өсуі тоқтаған. Келтірілген мәліметтер ... қызметінің төмендеуін көрсетеді:

- A. аналық без
- B. аталық без
- C. бүйрекүсті безі
- D. гипофиз
- E. қалқанша маңы безі

115. Науқас миын тексеру барысында түрік ершігі аймағында ісік байқалады. Объективті қарағанда: эндокринді бездер қызметінің бұзылыстары (семіздік), көзінің көруі төмендеуі. Ісікпен зақымдалған анатомиялық түзілім:

- A. гипофиз
- B. эпифиз
- C. бүйрек үсті безі
- D. тимус
- E. қалқанша безі

116. Спортсменде жарыс болатын күні және студенттерде емтихан болатын күні жүрек соғуының жиілеуі байқалады. Ағзада тахикардия туғызатын гормон және оны бөлетін без:

- A. адреналин, бүйрекүсті безі
- B. паратгормон, қалқанша маңы безі
- C. тироксин, қалқанша безі
- D. инсулин, ұйқы безі
- E. вазопрессин, гипофиз

117. Науқас 40 жаста қолы мен аяқтарының үлкеюіне шағымданады. Біршама уақыттан бері сырт пішінінде өзгерістер: төменгі жақ сүйегінің, мұрын сүйектерінің үлкеюін байқайды. Зерттеу нәтижесінде гипофиздің алдыңғы бөлім қызметінің жоғарылауы анықталды. Бұл жағдай ... тән.

- A. акромегалияға
- B. ергежейлілікке
- C. микседемаға
- D. инфантилизмге
- E. альбинизмге

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 19 беті

118. Эндокринология бөлімінде науқасты зерттеу барысында, гипофиздің ортаңғы бөлімі қызметінің бұзылуына әкелетін ісік анықталды. Гипофиздің бұл бөлімі ... гормон бөледі.

- A. меланотропты
- B. соматотропты
- C. тиреотропты
- D. адренотропты
- E. гонадотропты

119. Ағзадағы тамақтан Д витаминінің аз түсуінен және күн сәулесінің жеткіліксіз болуынан балада бұлшықет тартылуы және аяқ сүйектерінің деформациясы байқалады. Бұлшықет тартылуы және сүйек деформациясының пайда болу себебі:

- A. ішекте кальций иондарының сіңірілуінің бұзылыстары
- B. калий иондарының сіңірілуінің бұзылыстары
- C. фосфор алмасу процесінің бұзылыстары
- D. көмірсу және ақуыз алмасу процесінің бұзылыстары
- E. ақуыз алмасу процесінің бұзылыстары

120. Науқас 25 жаста, медициналық тексеруде қол ұшының үлкеюіне шағымданады. Қарағанда тек қол ұшының емес, аяқ басы, мұрны және төменгі жақ сүйегінің үлкеюі байқалады. ... бұзылыстары науқас дене құрылысындағы өзгерістерге алып келеді.

- A. гипофиз алдыңғы бөлімінің
- B. гипофиз артқы бөлімінің
- C. гипофиз ортаңғы бөлімінің
- D. бүйрек үсті безінің
- E. қалқанша маңы безінің

121. Әйелдерде етеккір циклінде овуляция мерзімін анықтау үшін базальды температураны өлшеу әдісі қолданылады. Базальды температураның өзгеруіне ... әсері бар.

- A. прогестеронның
- B. эстрогеннің
- C. окситоциннің
- D. вазопрессиннің
- E. пролактиннің

122. Тәуліктік зәрдің күрт ұлғаюы байқалады. Бұл өзгеріс гипофиздің қай гормоны қызметінің төмендеуінен болады:

- A. антидиуретикалық гормонның
- B. окситоциннің
- C. соматотропиннің
- D. адренотроптиннің
- E. тиреотропиннің

123. Шықшыт безінің түтігі ашылады:

- A. ауыз кіреберісіне
- B. тіласты қатпарына
- C. жұмсақ таңдайға
- D. тіласты бүртігіне
- E. ауыз қуысының түбіне

124. Өңештің қызметі:

- A. транспорттық
- B. тынысалу
- C. несепжыныс
- D. фагоцитарлы
- E. иммунды

125. Он екі елі ішектің төмендеген бөлігіне ашылатын анатомиялық құрылымдар:

- A. жалпы өт түтігі

- В. бауыр түтігі
С. тіласты түтігі
D. өтқуық түтігі
Е. жалпы бауыр түтігі
126. Жіңішке ішектің бөліктері:
А. он екі елі ішек
В. соқыр ішек
С. көлденең жиек ішек
D. жоғарылаған жиек ішек
Е. сигматәрізді ішек
127. Тоқ ішектің соңғы бөлігі:
А. тік ішек
В. он екі елі ішек
С. соқыр ішек
D. көлденең жиек ішек
Е. сигматәрізді ішек
128. Тоқ ішектің ерекшеліктері:
А. қампаймалар
В. сақиналы қатпарлар
С. шоғырланған лимфоидты түйіншелер
D. қысқыштардың болуы
Е. шеміршектік сақиналардың болуы
129. Ұйқы безінің ішастарға қатынасы:
А. экстраперитонияльды
В. мезоперитонияльды
С. интраперитонияльды
D. шажырқайы бар интраперитонияльды
Е. әр бөлігі әртүрлі қапталады
130. Ұйқы безінің қосымша түтігі ашылады:
А. он екі елі ішектің төмендеген бөлігі
В. он екі елі ішектің жоғарғы бөлігі
С. он екі елі ішектің горизанталды бөлігі
D. он екі елі ішекті ащы ішек иілімі
Е. буылтықта
131. Бауырдың жалғамасы:
А. орақ пішінді жалғама
В. қиғаш жалғама
С. шаршы жалғама
D. кең жалғама
Е. доғалық жалғама
132. Кіші шарбыны түзеді:
А. бауыр-асқазан байламы
В. бауыр-бүйрек байламы
С. асқазан-жиек байламы
D. асқазан-көкбауыр байламы
Е. тәждік байлам
133. Интраперитонеальды орналасқан:
А. көлденең жиек ішек
В. жоғарылаған жиек ішек
С. төмендеген жиек ішек
D. он екі елі ішек

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 21 беті

- Е. тік ішектің ортаңғы бөлігі
- 134.Бауыр сегменттерінің саны:
- сегіз
 - он
 - алты
 - екі
 - үш
- 135.Ауруханаға науқас іштің аймағының ауырсынуымен түсті. Тексеру кезінде диагноз қойылды: энтерит (жіңішке ішектің қабынуы). Осы кезде сіңіру қызметі бұзылады. Жіңішке ішектің қандай бөлігінде қоректік заттарды сіңіру жүреді:
- ащы және мықын ішекте
 - соқыр және тік ішекте
 - жоғарылаған жиек ішекте
 - төмендеген жиек ішекте
 - сигма тәрізді және тік ішекте
- 136.Химиялық үрдістен кейін балада ауыз қуысының шырышты қабаты бұзылып, дәм сезу бұзылды. Тілде шырышты қабаттардың бүртіктерінің нервтердің ұштары зақымдалған:
- саңырауқұлақтық және науашық тәрізді
 - коникалық және жапырақ тәрізді
 - жіптәрізді
 - дәм және иіс сезу
 - иіс сезу
- 137.Асқазанның қабырғасының қандай анатомиялық ерекшелігі адамға көп мөлшерде тамақ ісуге көмек береді:
- борпылдақ шырышасты негізінің болуы
 - бұлшықет негізінің болуы
 - ретикулярлық негізінің болуы
 - эпителийлі негізінің болуы
 - дәнекерлік тіннің негізінің болуы
- 138.Науқас ауыз қуысындағы құрғақтығына және тамақты жұтынуға қиналады. Бұл жағдай қандай ағзалардың қызметімен байланысты:
- сілекей бездер
 - ұйқы без
 - ішек бездер
 - бадамша
 - жыныс бездер
- 139.Науқаста баспа (жедел тонзиллит, бадамшаның қабынуы). Аранды тексергенде ісік байқалады, бүйір қабырғаларында қызару және сары-ақ түсті қақ байқалады. Қабыну процесіне жұтқыншақ лимфоидты сақинасының қандай құрылымдар қатысады:
- таңдай бадамшалары
 - тілдік бадамшалары
 - түтіктік бадамшалары
 - жұтқыншақтық бадамшалары
 - көмекейлік бадамшалары
- 140.Науқасты рентгеноскопиялық тексеру барысында 4-ші кеуде омыртқа деңгейінде өңеште бөгде зат тұрып қалған. Бөгде зат тұрып қалған өңештің тарылуын атаңыз.
- аортальды
 - бифуркациялық
 - кардиальды
 - жұтқыншақты
 - көкеттік

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 22 беті

141. Он екі елі ішектің үлкен емізікшесін тексеру үшін, он екі елі ішектің ... бөлігінде фиброгастроскоп енгізіледі.

- A. pars descendens
- B. pars superior
- C. pars horizontals
- D. pars ascendens
- E. flexura duodenojejunalis

142. Көмейдің тақ шеміршектеріне жатады:

- A. қалқанша шеміршек
- B. сынатәрізді шеміршек
- C. конустәрізді шеміршек
- D. ожаутәрізді шеміршек
- E. мүйізтәрізді шеміршек

143. Өкпенің беттері:

- A. көкеттік беті
- B. алдыңғы беті
- C. жоғарғы беті
- D. латералдық беті
- E. артқы беті

144. Оңжақтыөкпе үлестерінің саны:

- A. 3
- B. 1
- C. 2
- D. 4
- E. 5

145. Сол жақтық өкпе үлестерінің саны:

- A. 2
- B. 1
- C. 3
- D. 4
- E. 5

146. Мұрын қуысының бөліктері:

- A. тыныс алу және иіс сезу аймақтары
- B. тыныс алу және көру аймақтары
- C. тыныс алу және түйісуді сезу аймақтары
- D. иіс сезу және есту аймақтары
- E. иіс сезу және дәм сезу аймақтары

147. Мұрындық жол – бұл

- A. мұрын қалқанының астындағы кеңістік
- B. мұрын қуысының кіреберісі
- C. мұрын-көзжас өзегінің тесігі
- D. жоғарғы жақсүйектің маңдайлық өсіндісінің жанындағы жүлге
- E. сынатәрізді сүйектің үлкен және кіші қанаттардың арасындағы саңылау

148. Кеңірдек айырығы – бұл

- A. кеңірдектің екі басты бронхтарға бөлінген жері
- B. көршілес шеміршектік жартылай сақиналардың аралығындағы дәнекер тіндік табақша
- C. кеңірдектің сыртқы қабығы
- D. кеңірдек қабырғасының қақпағы
- E. кеңірдектің қолқамен қиылысқан жері

149. Төменгі мұрын жолына ашылады:

- A. мұрынкөзжас өзегі

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 23 беті

- В. маңдай қойнауы
 - С. Гаймор қойнауы
 - Д. торлы сүйектің алдыңғы ұяшықтары
 - Е. Евстахий түтігі
- 150.Өкпе қабыну кезінде тыныс алу функциясы бұзылады, ол ауа мен қан арасындағы газ алмасудың бұзылуын көрсетеді. Газ алмасу жүретін, өкпенің паренхималық бөлігі қалай аталады:
- А. альвеолалар
 - В. соңғы бронхиолалар
 - С. сегментарлы бронхтар
 - Д. бронхтың І-ші қатары
 - Е. полисегментарлы бронх
- 151.Жас адамда ринит (мұрын қуысының шырышты қабықшасының қабынуы). Ол иістерді сезе де, ажырата да алмайды. Мұрын қуысының шырышты қабатының қандай аймағы иісті қабылдау қызметін атқарады және патологиялық процестерге қатысады:
- А. иіс сезу аймағы
 - В. көру аймағы
 - С. тыныс алу аймағы
 - Д. мұрын қуысы
 - Е. көздік аймағы
- 152.Цемент зауытының жұмысшысында мұрын қуысының шырышты қабықшасының атрофиясын (жұқаруы) анықталды. Ол тұрақты мұрын бітуі мен үздіксіз мұрыннан қан кетуіне шағымданады. Сонымен қатар оның иіс сезу бұзылыстары жоқ. Жұқару кезінде бұзылатын қызметін атаңыз.
- А. тазарту,ылғалдану,жылыту
 - В. қорғаныс, жамылғы, тынысалу
 - С. жамылғы
 - Д. тынысалу
 - Е. иіс сезу
- 153.Терапиялық бөлімге науқас В. 44 жаста оң жақта плеврит (өкпе қаптың қабынуы) диагнозымен келді. Тексеру кезінде науқас өкпеқабында сұйықтық бар екені расталды. Өкпеқаптың қай синусында сұйықтықтың жиналуы көп:
- А. оң жақ қабырғалық – көкеттік
 - В. сол жақ көкірекаралық-көкеттік
 - С. оң жақ қабырғалық –көкірекаралық
 - Д. сол жақ қабырғалық – көкірекаралық
 - Е. оң жақ көкірекаралық-көкеттік
154. Төбелес кезінде жас жігіттің бетіне соққы тиді. Оның мұрнынан қан кетті. Мұрын қуысының шырышты қабығындағы жарақаты қандай ерекшелігімен байланысты.
- А. веналық өрімдердің көптігімен
 - В. артериялық тамырлардың көптігімен
 - С. нерв өрімдерінің көптігімен
 - Д. лимфа тамырларының көптігімен
 - Е. терең веналардың болуы
- 155.Қызда бронх демікпесі бар. Тұншығу ұстамасы бронхтардың тарылуы және тұтқыр қақырықтың жиналуымен қатар жүреді, бронхтардың қуысын жабық шырышты тығынмен жабады. Бронх қабырғасының қандай қабықшасы патологиялық үрдіске қатысады:
- А. фиброзды-бұлшықет-шеміршектік қабықшасы
 - В. шеміршектік қабықшасы
 - С. дәнекертінді қабықшасы
 - Д. шырышасты негізі
 - Е. бұлшықет қабықшасы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 24 беті

156. Ауруханаға бронхтарда бөгде денесі бар 3 жасар бала түсті. Бөгде дене қандай бронхқа түскенін белгілеңіз:

- A. оң жақ басты бронхқа
- B. сол жақ басты бронхқа
- C. оң жақ сегментарлы бронхқа
- D. сол жақ сегментарлы бронхқа
- E. үлесшелі бронхқа

157. Ренгенологиялық зерттеуде 7 жасар балада өңештің дивертикулы (қабырғаның бұлтиуы) анықталды. Неліктен тамақтану барысында ол жөтелетінін белгілеңіз:

- A. кеңірдектің мойындық және кеуделік бөліктері өңештің алдында орналасқан, сол себепті жөтелу рефлексі пайда болады
- B. кеңірдектің мойын бөлігі өңештің алдында орналасып, сол себепті асқорыту рефлексі пайда болады.
- C. мойынның тамырлы – нерв шоғырының тітіркенуі пайда болады
- D. кезбе нервтің тітіркенуі пайда болады
- E. жұтқыншақтық өңештік тарылуының тітіркенуі пайда болады

158. Атабез орналасқан:

- A. ұмада
- B. кеуде қуысында
- C. іш қуысында
- D. жамбас қуысында
- E. мойын аймағында

159. Кіші жамбас қуысында орналасқан еркек жыныс ағзалары:

- A. қуықасты безі
- B. жатыр
- C. атабез
- D. анабез
- E. деліткі

160. Ұрықтың (шәуеттің) түзілетін орыны:

- A. иреленген шәует өзекшелері
- B. тік шәует өзекшесі
- C. атабез торы
- D. атабездің шығарушы өзекшелері
- E. шәует шығаратын түтік

161. Жатыр түтігінің қызметі:

- A. өткізгіштік
- B. секреторлы
- C. гормоналді
- D. резервуалді
- E. фагоцитарлық

162. Жатырдың бөліктері:

- A. түбі, денесі және мойыны
- B. түбі, денесі және құйрығы
- C. денесі, мойны және басы
- D. басы, денесі және түбі
- E. басы, денесі және құйрығы

163. Жатырдың қабықтары:

- A. эндометрий, миометрий және периметрий
- B. эндометрий, параметрий және сірлі
- C. эндометрий, миометрий және сірлі
- D. эндометрий, эндоневрий және эндомиций



- Е. эндометрий, периметрий және эпимизий
164. Анабездің байламдары:
- А. анабездің меншікті байламы
 - В. негізгі байлам
 - С. жатырдың шажырқайы
 - Д. жатырдың жұмыр байламы
 - Е. жалпақ байлам
165. Жатырға жанасады:
- А. тік ішек
 - В. сигматәрізді ішек
 - С. соқыр ішек
 - Д. шат симфизі
 - Е. бүйректер
166. Еркектің сыртқы жыныс ағзалары:
- А. ұма
 - В. қуықасты безі
 - С. шәует шығаратын түтік
 - Д. бульбоуретралдық бездер
 - Е. шәует қуықшалары
167. Еркектің ішкі жыныс ағзалары:
- А. ұрық қуықшалары
 - В. аталық без
 - С. ұма
 - Д. еркек жыныс мүшесі
 - Е. аналық без
168. Еркек несеп шығаратын өзегінің кеңейген жерлері:
- А. қуықасты бездік бөлігі
 - В. несеп-жыныс көкетінің аймағы
 - С. несеп шығаратын өзектің сыртқы тесігі аймағы
 - Д. несепқуықтан шығатын жері
 - Е. несеп шығаратын өзектің ішкі тесігі аймағы
169. Жатырдың ішкі қабығы:
- А. эндометрий
 - В. миометрий
 - С. периметрий
 - Д. параметрий
 - Е. адвентиция
170. Жатырдың ортаңғы қабығы:
- А. миометрий
 - В. эндометрий
 - С. периметрий
 - Д. параметрий
 - Е. адвентиция
171. Жатырдың сыртқы қабығы:
- А. периметрий
 - В. эндометрий
 - С. миометрий
 - Д. параметрий
 - Е. адвентиция
172. Анабездің шеттері:
- А. түтіктік және жатырлық

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 26 беті

- В. жатырлық және несеп қуықтық
 С. жатырлық және бүйректік
 D. түтіктік және жамбасастаулық
 E. түтіктік және іштік
173. Анабездің қызметі:
 A. ұрықжасушасын өндіреді
 B. өткізгіштік
 C. шығарушы қызметі
 D. жинақтау қызметі
 E. қорғаныс қызметі
174. Тәжірибе барысында жануарға бүйрек денешіктерін біршама жойған дәрілік зат енгізді. Нәтижесінде нефрондардың қандай қызметі жойылуы мүмкін:
 A. фильтрациялық
 B. эндокринді
 C. реабсорбциялық
 D. транспорттық
 E. гомеостатикалық
175. Бүйректің гистологиялық препаратында диаметрі 15 мкм жіңішке өзекшелер көрінеді. Өзекшелер қабырғасы жалпақ эпителиймен төселген. Бұл өзекшелер нефронның қай бөлігіне жатады:
 A. ілмектің төмендеуші бөлігі
 B. ілмектің жоғарылаушы бөлігі
 C. нефронның дисталді бөлігіне
 D. шумақшаларға
 E. нефронның проксималді бөлігіне
176. Бүйректі УДЗ барысында бүйрек пирамидаларының аймағында қуысты түзіліс (киста) анықталды. Бүйрек пирамидалары бүйректің қандай затына жатады:
 A. миы затында
 B. қыртысты затында
 C. астаушасында
 D. тостағаншасында
 E. бүйректің тамырында
177. Жасы үлкен адамдарда қуықасты безінің үлкеюі (гипертрофия) байқалады. Осы жағдайда уретраның қай бөлігі бітелуі мүмкін:
 A. қуықастылық
 B. жарғақтық
 C. спонгиозды
 D. үңгірлі
 E. кавернозды
178. Эксперимент кезінде гипофиздің ФСГ-ң бөлінуі бұзылған. Ұрықта қандай өзгеріс болады:
 A. сперматогенездің дамуының тоқтауы
 B. сперматогенездің дамуының күшейуі
 C. өзгеріс сезілмейді
 D. ұрық қабырғаларының гипертрофиясы
 E. ұрық қабырғаларының атрофиясы
179. Аналық жыныс безінің гистологиялық кесіндісінде овуляцияланған фолликулалардың түйіршіктелген қабатының қабырғасында көптеген митоздар байқалады және қан ұйындылары мен оған қан тамырлардың өсуі байқалады. Аталған процесстердің дамуы барысында қандай құрылымдар пайда болады:
 A. сары дене
 B. ақ дене

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 27 беті

- С. өзгерістер болмайды
 D. овоцит пайда болады
 E. атретикалық фоликулдар
180. Жатырдан тыс жүктілік кезінде, жатыр түтігінің жарылуы байқалды. Қанның жиналатын жері ...
- А. тікішек – жатыр кеңістігі
 B. қуық – жатыр кеңістігі
 C. оң жақ мықын шұңқыры
 D. сол жақ мықын шұңқыры
 E. отырықшы – тікішек шұңқыры
181. Қимыл анализаторының қыртыстық шеті орналасқан:
- А. орталық алдындағы қатпарда
 B. орталық артындағы қатпарда
 C. самайлық жоғарғы қатпарда
 D. шүйделік үлесте
 E. күмбездік қатпарда
182. Иіс сезу анализаторының рецепторы болып табылады:
- А. мұрын қуысының жоғарғы қалқанының шырышты қабығындағы арнайы жасушалар
 B. мұрын қуысының төменгі қалқанының шырышты қабығындағы арнайы жасушалар
 C. проприорецепторлар
 D. интерорецепторлар
 E. барорецепторлар
183. Мөлдір қабық бөлігі болып табылады:
- А. фиброзды қабықтың
 B. тамырлы қабықтың
 C. торлы қабықтың
 D. тенон қапшығының
 E. адвентициялық қабықтың
184. Ақ қабық (склера) бөлігі болып табылады:
- А. фиброзды қабықтың
 B. тамырлы қабықтың
 C. торлы қабықтың
 D. тенон қапшығының
 E. адвентициялық қабықтың
185. Көз алмасының кірпікті денесі бөлігі болып табылады:
- А. тамырлы қабықтың
 B. фиброзды қабықтың
 C. торлы қабықтың
 D. тенон қапшығының
 E. адвентициялық қабықтың
186. Кірпікті дене орналасқан:
- А. тамырлы қабықта
 B. талшықты қабықта
 C. торлы қабықта
 D. тенонды қапсулада
 E. адвентицияда
187. Фоторецепторлық қызметті атқаратын көз алмасының торлы қабығының жасушалары:
- А. таяқшалар мен сауытшалар
 B. фибробласт
 C. миоциттер
 D. түйіндік жасушалар

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бакылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 28 беті

- Е. пегменттік жасушалар
188. Құлақ қалқанының құрылымдарын белгілеңіз:
- қарсы шиыршық
 - сыртқы есту өтісі
 - дабыл жарғағы
 - дабыл қуысы
 - есту түтігі
189. Ортаңғы құлаққа жататын анатомиялық құрылымдарды белгілеңіз:
- дабыл қуысы
 - сүйекті жартылай өзектер
 - ұлу
 - кіреберіс
 - құлақ қалқаны
190. Жартылай өзекшелердің қайсысы жалпы аяқша түзетінін белгілеңіз:
- алдыңғы және артқы
 - артқы және алдыңғы
 - бүйірлі және алдыңғы
 - медиалды және бүйірлі
 - латеральды және алдыңғы
191. Вестибулярлы ядролар мишықтың ... ядросымен тікелей байланысты:
- шатыр
 - тісшелік
 - тығынтәрізді
 - шар тәрізді
 - көпір тәрізді
192. Дәм бүртіктерінің орналасу жерін белгілеңіз:
- тіл арқасының шырышты қабығы
 - қатты таңдайдың шырышты қабығы
 - ауыз кіреберісінің шырышты қабығы
 - ұрттың шырышты қабығы
 - ауыз қуысының шырышты қабығы

5.2 Жағдайлық есептер:

- №1.** Көшеде алған жарақаттан кейін зардап шеккен адамда жүрек жұмысы тоқталды. Алғашқы көмекті қалай көрсетеміз және қаңқаның қай бөліктеріне зақым келді?
- №2.** Көшеде алған жарақаттан ұйқы артериясының тармақтарынан мойын аймағынан қан ақты, қан ағуын уақытша тоқтатуға бола ма?
- №3.** Омыртқалардың қысқа қырқа өсіндісінде және көлденең өсіндісінде кішкене тесіктер бар. Омыртқаны анықта
- №4.** Кенеттен құлағаннан адамның білек сүйектерінің біреуі сынды. Сонда білектің алдыңғы – латеральды қырында патологиялық қозғалыс байқалады. Зардап шеккен адамның қай сүйегі сынды?
- №5.** Шешесі 7 жасар қызын хирургқа әкелді. Әкелген себебі: қызының білегі шынтак буынынан 180^0 -тан көпке жазылады. Бірақ хирург патология таппады, шешесін жұбатты. Неге хирург 180^0 жазылатынын патология деп таппады?
- №6.** 7 жастағы баланың табан сүйектерінің рентгенограмасында дәрігер өкше сүйегі аймағында көптеген сынықтарды көрді. Себеп неде?

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы	044-81/22	
Бакылау-өлшегіш құралдары	36 беттің 29 беті	

№7. Баланың жасын білу үшін дәрігерге сан сүйегінің рентгенограммасын әкеліп көрсеткен, ал онда сан сүйегінің басында тек бір ғана сүйектену нүктесі көрінеді. Бала неше жаста?

№8. Автомобиль авариясынан адам басының бүйір беті жарақаттанды. Самай сүйегінің қабыршығы пирамидадан бөлінді. Бұндай жағдайда самай сүйегінің қай каналы бұзылды?

№9. Операция кезінде хирург самай сүйектің астыңғы бетіндегі пирамидасында мойындырық тесікке бағытталған. Оператордың дұрыс емес әрекетінде қандай канал бұзылуы мүмкін?

№10. Бір жасар балада рентгенологиялық суретте бассүйектің маңдай бөліміндегі ортаңғы сызығында саңылау байқалады. Оның себебі неде?

№11. Жол апатынан кейін зардап шеккен адамда мұрын жарақаттанды. Бұл жерде мұрын пердесінің сынуы байқалды. Бұл жағдайда қай сүйек зақымданған?

№12. Қабыну процесі кезінде көз алмасының төменгі қабырғасында ірінді процесс пайда болды. Емдеуші дәрігер қабыну процесінің көз алмасынан қанат таңдай шұңқырына дейін жайылып кетуін күдіктенеді. Қандай тесік арқылы қабыну процесі қанат таңдай шұңқырына өтіп кетуі мүмкін?

№13. Мойындырық тесік бас қаңқасының төменгі бөлігінде орналасқан. Ол арқылы нервтер мен ірі вена тамырлары өтеді. Егер де осындай ірі вена тамырлары жарылатын болса бас қаңқасының қай қуысына қан құйылу болады?

№14. Конъюнктивит нәтижесінде көз ұясынан ірің шыға бастады мұрын қуысына қабыну процесі көз ұясында мұрын қуысынан қай өзек бойына қатысады?

№15. Науқаста шонданай нервсінің қабынуынан кейін санның артқы топ бұлшықетінің параличі асқыну берді. Берілген асқыну төменгі аяқ белдемесінде қандай қозғалыс бұзылғаны байқалған?

№16. Стоматолог-дәрігер ауыз қуысын қарайды. Жұмысқа кіресер алдында тіл астына тампон салады. Неге бұл манипуляцияны жасайды?

№17. Дәрігер-стоматолог тіске пломб салады. Ауыз қуысында слекейдің жиналуын азайту үшін шықшыт безінің өзегінің тесігін жабу үшін тампонды қайда салуы керек?

№18. Балада үстіңгі және астыңғы күрек тістер түгелімен шықты. Баланың жасын анықта.

№19. Балада мұрынмен дем алу қиындады. Дәрігер қай бадамшаның үлкейгені туралы ойлау керек?

№20. Балада үстіңгі және астыңғы күрек тістер түгелімен шықты. Баланың жасын анықта.

№21. Ауруды қараған кезде, жүректің оң жақ шекарасы төстен 3 см оң жаққа қарай ығысқан. Жүректің қай шекарасы үлкейген?

№22. Жүрек ұшының соғуы 5- қабырғааралықта ортаңғы бұғана сызығында сыртқа қарай сезіледі. Жүректің қай камерасы үлкейген?

№23. Ауруға III сол қабырға шеміршегінің төске байланатын жерінде систоликалық шу естіледі. Осы жерде қандай ірі тамырдың проекциясы орналасқан?

№24. Ауруда III қабырға аралығында төстің сол жиегінде систоликалық шу естіледі. Осы жерде қандай ірі тамырдың проекциясы орналасқан?

№25. Хирург бас сүйегіне трепанация жасағанда сүйектердің жиегін қан ақпау үшін замазкалайды. Қанның қайдан шығатынын көрсет.

№26. Хирург трахеостома жасаған кезде көп қан ағуына әкеледі ол қандай анастомозды кесті.

№27. Варикоцелемен ауыратын адамда сол аралық бездің тесігі оңнан үлкен болады?

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы	044-81/22	
Бақылау-өлшегіш құралдары	36 беттің 30 беті	

№28. Дәрігер аурудың құрсақ қуысының алдыңғы қабырғасынан веноздық торды көрді. Веналары жоғарыдан төмен қарай, кіндіктен төмен қарай түскен. Бұл симптом қалай аталады және қандай потологияны ойлау керек. Қандай анастомоздар қатысқан?

№29. Дәрігер-рентгенолог бүйрек рентгенограммасын қарағанда оның түбекшесі қап тәрізді, кіші табақшалар бірден түбекшеге құятыны (үлкен табақшалар жоқ) көрінді. Даму варианттарын ескере отырып дәрігер бүйректің экскреторлық жолдарының қай пішінін көрді?

№30. Ауруда несеп-тас ауруы. Несеп ағардың қай жерлерінде тас тұрып қалып тесікті жабуы мүмкін.

№31. Шат сүйектерінің жарақатынан кейін, симфиз маңында жылжу байқалды. Қай ағзаның қызметі бұзылуы мүмкін?

№32. Несеп шығаратын өзектің өткізбейтіндігінен, несепті қуықты тесіпшығару керек. Бұл манипуляцияны іш пердесін жарақаттамай жасауға бола ма?

№33. Ауруда қабыну процесінде бүйректің милық заты зақымданған. Бұндай жағдайда нефронның қай бөлігі өзгереді.

№34. Бір бүйректің экскреторлық ағашының рентгендік суретін алу үшін контрасты затты сәйкес несеп ағарға салады. Қандай ориентирлер бойынша несеп ағардың тесігін қуықтың шырышты қабатынан табады?

№35. Баланы қарағанда дәрігер оның сол аталық безі құрсақ қуысының ішінде екенін байқайды. Бұндай орналасуы аномалия ма немесе даму вариантты ма?

№36. Қуық асты безі секрет шығарып қана қоймайды. Сонымен бірге несеп шығаратын өзектің сфинктері қызметін атқарады. Адам өмірінің қай периодында тек несеп шығаратын өзектің сфинктері болып саналады?

№37. Ауру еркектің қуық асты түбірің маңайында ісік пайда болды. Қуықтың синтопиясын ескергенде ісік қай ағзаға көшуі мүмкін?

№38. Қынап арқылы жатыр мойнын қарағанда гинеколог онда көлденең саңлауды көрді. Әйел бұрын босанған ба?

№39. Жатыр түтігін алу үшін гинеколог жатырың кең жалғамасының қай жерін хирург кесуі керек?

№40. Босанудан кейін несеп-жыныс диафрагмасы жарақаттанды, оның кесірінен несепті ұстау қабілеті бұзылды. Бұл жағдайда қай бұлшық ет жарақаттанды.

№ 41. Басынан жарақат алған ауру түсті, оның миында ісік бар екені байқалады. Операция – басқа трепанация жасауға дайындау үшін жұлынға пункция жасау керек. Омыртқа бағанасының қай бөлігінде пункция жасалынды.?

№ 42. Ауруда тері сезімі – стереогноз бұзылғалы байқалады. Жұлынның қай жіпшелерінің тұсында өткізгіштік бұзылған?

№43. Науқас ауруханаға жедел менингитпен түсті. Ауру бас мидың шөменімен асқынды. Ромб миының қандай тесіктері торлы қабықасты кеңестікпен жұлын сұйығының циркуляциясының бұзылуына әкеп соқтырады.

№44. Босану кезінде нәрестеде бас – ми жарақаты байқалды мишықтың жұлынуымен. Қатты ми қабықшасының қандай өсіндісі зақымдалған.

№45. Ауруда иықтың бүгу қызметі бұзылған және білектің латеральды жағындағы терісінің сезімталдығы бұзылған. Ауруда қай нервтің жарақаттанғаны болады.

5.3 Аралық бақылау сұрақтары:

1. Сүйектердің жіктелуін және түрлерін атаңыз.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 31 беті

2. Бассүйектің милық сүйектерін атаңыз және көрсетіңіз.
3. Бассүйектің бет бөліміне жататын сүйектерді атаңыз және көрсетіңіз.
4. Омыртқа бағанасының құрылысы, оның бөлімдері.
5. Кеуде торын құрайтын сүйектерді атаңыз.
6. Қолдың еркін бөлігі сүйектерін атаңыз және көрсетіңіз.
7. Жамбас белдеу сүйектерін атаңыз және көрсетіңіз.
8. Қосылыстардың жіктелуі, үзілісті және үзіліссіз қосылыстардың түрлері.
9. Омыртқааралық буынның байламдарын атаңыз және көрсетіңіз.
10. Ұршық буынының байламдарын атаңыз және көрсетіңіз.
11. Ымдау бұлшықеттерін атаңыз және көрсетіңіз.
12. Мойын бұлшықеттері және олардың жіктелуі.
13. Арқаның беткей бұлшықеттерін атаңыз және көрсетіңіз.
14. Мұрын қуысының құрылысы.
15. Кеңірдектің топографиясы және құрылысы.
16. Өкпенің беттерін атаңыз және көрсетіңіз.
17. Өңештің топографиясы және құрылысы.
18. Асқазанның топографиясы және құрылысы.
19. Жіңішке ішектің бөлімдерін атаңыз және көрсетіңіз.
20. Жуан ішектің бөлімдерін атаңыз және көрсетіңіз.
21. Ұйқы безінің топографиясы және құрылысы.
22. Бүйректің топографиясы және құрылысы.
23. Қуықтың топографиясы және құрылысы.
24. Жүректің топографиясы және құрылысы.
25. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлеріне сипаттама беріңіз.
26. Жатырдың құрылысы және топографиясы.
27. Қуықасты безінің құрылысы және топографиясы.
28. Жұлынның құрылысы және топографиясы.
29. Бас миының бөлімдері.
30. Көздің қосалқы ағзаларын атаңыз.

5.4 Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әр деңгейде (ағымдық, аралық, қорытынды бақылау) білімді бағалау критерийлері мен шкаласы, сабақтың барлық түрлерін бағалау ережелері

- **Ағымдық бақылау:** анатомиялық құрылымдарды қаңқада, бассүйекте, ылғалды препараттарда, муляждарда, торстарда, планшеттерде, плакаттарда көрсету арқылы ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды және жағдайлық есептерді шешу.

Ауызша жауап

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша	Өте жақсы	Білімалушы жауап беру кезінде ешқандай қателер жібермеді,

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
Морфологиялық пәндер кафедрасы			044-81/22		
Бақылау-өлшегіш құралдары			36 беттің 32 беті		

жауап	95-100 90-94 баллғасәйкес	оқылатын пәннің теориясы мен концепциясына және бағыттарына сүйене отырып оларға критикалық бағалау берді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды.
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 баллғасәйкес	Білімалушы жауап беру кезінде маңызды қателер жібермегенде, студенттің өзінің түзетуімен сәйкессіздіктер мен принципіалды емес қателер жіберді, оқытушы көмегімен бағдарлама материалдарын жүйеге келтірді.
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-59 баллғасәйкес	Білімалушы жауап беру кезінде принципіалды қателер жіберді, тек оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектеліп, материалдарды жүйелеуде едәуір қиналды.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 баллғасәйкес	Білімалушы жауап беру кезінде маңызды қателер жіберді, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиетті меңгере алмады, пәннің ғылыми терминологиясын пайдалана алмады.

Тест тапсырмалардыорындау (тестілеу)

Бақылаутүрі	Баға	Бағалаукритерийлері
Тест тапсырмалардыорындау (тестілеу)	Өтежақсы 95-100 90-94 Баллға сәйкес	90-100% тест тапсырмаларын студент дұрысыорындады
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 Баллға сәйкес	75-89% тест тапсырмаларын студент дұрысыорындады
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-59 Баллға сәйкес	50-74% тест тапсырмаларын студент дұрысыорындады
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 Баллға сәйкес	50% төмен тест тапсырмаларын студент дұрысыорындады

Жағдайлық есептерді шешу

Бақылаутүрі	Баға	Бағалаукритерийлері
-------------	------	---------------------

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы			044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары			36 беттің 33 беті

Жағдайлық есептерді шешу	Өтежақсы 95-100 90-94 Баллғасәйкес	Ой өрісінің биіктігін көрсете отырып, ситуациялық есептерді шешуде белсенді қатысты, материал бойынша терең білімін көрсетті, талқылауда басқа пәндердің ғылыми жетістерін қолданды.
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 Баллғасәйкес	ситуациялық есептерді шешуде белсенді қатысты, терең білімін көрсетті, өзі жіберген принципиялды емес қателерін, сәйкессіздіктерін тауып, өзі жөндеді.
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-59 Баллғасәйкес	ситуациялық есептерді шешуде белсенділік көрсетпеді, материалды жүйелеуде қиындықтар болды, сәйкессіздіктер мен принципиялды қателер жіберді.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 Баллғасәйкес	ситуациялық есептерді шешуге қатыспады, оқытушының сұрақтарына жауап бергенде принципиялды қателіктер мен сәйкессіздіктер жіберді және ғылыми терминологияны қолданбады.

Аралық бақылау – Өтілген тақырыптар бойынша билет түрінде ауызша сұрау

Аралық бақылаудың орташа балы және оны бағалау тәртібі:

Бақылау түрі	Баға	Бағалау белгілері
Ауызша сұрау және тестілеу	Өте жақсы 95-100 90-94 баллға сәйкес	Студент жауап беру кезінде ешқандай қателік немесе сәйкессіздік жібермегенде қойылады. Пәннің және басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолдана отырып, оқылатын пәннің теориясы мен концепциясына және бағыттарына сүйене отырып критикалық бағалау береді. Тест сұрақтарына 90-100% дұрыс жауап берді.
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 баллға сәйкес	Студент жауап беру кезінде маңызды қателік жібермегенде, студенттің өзінің түзетуімен принциптік сәйкессіздіктер мен қателіктер жібергенде, оқытушы көмегімен бағдарлама материалдарын жүйелей білгенде қойылады. Тест сұрақтарына 75-89% дұрыс жауап берді.
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-59 баллға сәйкес	Студент жауап беру кезінде принциптік сәйкессіздіктер мен қателіктер жібергенде, тек оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектеліп, материалдарды жүйелеуде едәуір қиыншылық танытқанда қойылады. Тест сұрақтарына 50-74% дұрыс жауап берді.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 баллға сәйкес	Студент жауап беру кезінде принциптік қателіктер жібергенде, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиетті қолданбаса, пәннің ғылыми терминологиясы пайдалана алмай, ойсыз, стилистикалық қателіктер жібергенде қойылады. Тест сұрақтарына 50% төмен, дұрыс жауап берді.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/22
Бақылау-өлшегіш құралдары		36 беттің 34 беті

Ағымдық рейтинг – аралық + ағымдық бақылау = 60 балл (жоғ).

Аралық аттестация (қорытынды бақылау) тестілеу/ауызша емтихан түрінде өтеді, білім алушы (жоғ) 40 балл жинай алады.

Қорытынды бақылау -емтиханға пәннің бағдарламасымен толық игерген және жіберілу рейтингісін алған студенттер жіберіледі.

Жалпы баға - (60+40%) (күнделікті + қорытынды рейтинг) келесі шкала бойынша қойылады

Балл-рейтингті жүйе бойынша бағалау шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквиваленті (балл)	Пайыздық	Дәстүрлі баға жүйесі
A	4.0	95-100	өте жақсы
A-	3.67	90-94	
B+	3.33	85-89	Жақсы
B	3.0	80-84	
B-	2.67	75-79	
C+	2.33	70-74	
C	2.0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D	1.0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Морфологиялық пәндер кафедрасы

044-81/22

Бақылау-өлшегіш құралдары

36 беттің 35 беті

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Морфологиялық пәндер кафедрасы

044-81/22

Бақылау-өлшегіш құралдары

36 беттің 36 беті